

Қосымша парақ мәнінің жобасы

Тағамға биологиялық белсенді қоспа - «Алкофилтрум» таблеткалары

Қосымша ақпарат

Адам денесіне түсе отырып, алкоголь сіңіріледі және бауыр арқылы өтеді. Алкогольдің ыдырауының кейбір өнімдері, мысалы, ацетальдегид организмге уытты әсер етеді және масаңдық табын туындатады. Масаңдық табының симптомдары әртүрлі: өзін нашар сезіну, жүрек айну, құсу, бас ауруы, ауыздың құрғауы, шөлдеу, сананың шатасуы, жұмысқа зейін шоғырландыру мүмкінсіздігі, ауыздағы жағымсыз иіс және т.б. Бауыр алкогольдің уытсыздануында шешуші рөл атқарады, сондықтан ол этанолдың ыдырау өнімдерінің едәуір теріс әсеріне ұшырайды. Тікелей уытты әсерден басқа, алкогольдің ыдырау өнімдері организмнің жасушаларын, ең алдымен ми жасушаларын зақымдауы және толығымен бұзуы мүмкін күшті тотығу стрессін туындататын оттегінің реактивті түрлерінің түзілуін туындатады. Этанолдың ыдырау өнімдері жүйке рецепторларының жұмысын бұзады, бұл көңіл-күйдің күрт өзгеруіне, зейін қоюдың шашыраңғылығына, түсініксіз сөйлеуге және т.б. әкеледі. Организм әдетте алкогольді қабылдаудан туындаған уыттанумен өзі күреседі, бірақ бұл үдеріс уақытты қажет етеді. Мұндай жағдайда жалғыз шешім алкогольдің барлық ыдырау өнімдерінен организмді мүмкіндігінше тезірек тазарту. Алкогольді қабылдаудан кейін уыттану уақытын қысқарту және масаңдық табының симптомдарын азайту үшін алкоголь мен оның ыдырау өнімдерінің шығарылуына көмектесетін және организмге қорғайтын әсер ететін арнайы дәрілерді қабылдауға болады.

«Алкофилтрум» тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде ұсынылады, ерімейтін тағамдық талшық пен глициннің қосымша көзі болып табылады. «Алкофилтрум» масаңдық табы дамуының алдын алуға, масаңдық табы симптомдарын жеңілдетуге, организмді алкоголь мен оның ыдырау өнімдерінің зақымдайтын әсерінен қорғауға көмектеседі.

«Алкофилтрум» тағамға биологиялық белсенді қоспа:

- масаңдық табы симптомдарын төмендетуге;
- бас ауруын азайтуға;
- зейін шоғырландыруының және жұмысқа қабілеттілігінің жарсаруына;
- алкоголь мен оның ыдырау өнімдерінің организмнен шығарылуын жеделдетуге;
- бауырдың жұмысын жақсартуға және бауырды алкогольдің жағымсыз әсерінен қорғауға;

- алкогольді тұтыну кезінде пайда болатын тотығу стрессінің бұзатын әсерінен қорғауға көмектеседі.

«Алкофилтум» тағамға биологиялық белсенді қоспаның құрамына табиғи белсенді компоненттер кешені кіреді:

Лигнин – табиғи сорбент. Лигнин әртүрлі уытты заттарға, соның ішінде алкогольдің ыдырау өнімдеріне, мысалы, масаңдық табы синдромын туындататын ацетальдегидке қатысты жоғары сорбциялық белсенділікке иеленген. Лигнин ішекті алкоголь мен оның ыдырау өнімдерінің әсерінен қорғайды, ішектің шырышты қабығының тұтастығын сақтауға көмектеседі, бұл асқазан-ішек жолы жұмысының бұзылуымен байланысты масаңдық табының жағымсыз көріністерінен аулақ болуға мүмкіндік береді. Лигниннің қосымша антиоксиданттық қасиеттері бар. Зерттеу деректеріне сәйкес, лигнинді қабылдау бауырға уытты жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді, бауырды зақымданудан қорғайды, бауыр функциясын жақсартады.

Дигидромирицетин – шығу тегі өсімдік тектес дигидрофлавоноид. Алкогольді қабылдар алдында дигидромирицетинді қабылдау бас ауруы, жүрек айну, бас айналу, әлсіздік және масаңдық табының басқа симптомдарының қарқындылығын төмендетеді, сонымен қатар организмдегі алкоголь метаболизміне қатысатын ферменттерді белсендіреді. Ол қуаттандыратын әсер етеді. Дигидромирицетин айқын антиоксиданттық белсенділікке иеленген, алкогольді тұтыну кезінде көп мөлшерде түзілетін оттегінің реактивті түрлерін және басқа тотығу стресс маркерлерінің белсенділігін жояды. Клиникалық зерттеулерде дигидромирицетинді қабылдау оның функцияларын жақсартуға ықпал ете отырып, бауырға қатысты қорғайтын әсер етеді, сондай-ақ мида алкоголь мен оның ыдырау өнімдерінің жағымсыз әсерінен қорғайтыны дәлелденді.

Глицин – мидың жүйке қызметі мен жұмысын реттеуге қатысатын маңызды амин қышқылы. Глицин организмде алкогольдің ыдырау өнімдерін бейтараптандыру қабілетіне иеленген, бұл алкогольдік ішімдіктерді қабылдаудың жағымсыз салдарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Глицинді қабылдау жұмысқа қабілеттіліктің, зейін шоғырландырудың жақсаруына, көңіл-күйдің жоғарылауына әкеледі.

Қолдану бойынша ұсыныстар: ересектерге бір уақытта 4 таблетка. Оңтайлы әсерге алкогольді қабылдаудан 30-60 минут бұрын қабылдау арқылы қол жеткізіледі (алкогольді қабылдағаннан кейін қабылдауға болады).

Алкогольді қабылдағаннан кейін 4 таблеткаға дейін қосымша қабылдауға жол беріледі. Әсерді жақсарту үшін келесі күні таңертең қосымша 4 таблетка қабылдау ұсынылады. Доза тұтынушының салмағына және алкоголь мөлшеріне байланысты өзгертілуі мүмкін.

	дейін	кейін	таңертең
1-4 × 	4 таб.		4 таб.
6 × 	4 таб.	2 таб.	4 таб.
6 ×  астам	4 таб.	4 таб.	4 таб.

Қолданар алдында дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесу ұсынылады.

Жағымсыз әсерлер: сирек жағдайларда аллергиялық реакциялар, диарея немесе іш қату пайда болуы мүмкін.

Қолдануға болмайтын жағдайлар: компоненттердің жеке жақпаушылығы, ішек өтімсіздігі, 18 жасқа дейінгі балалар, жүктілік және лактация кезеңі.

Дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі: бір мезгілде қолданғанда кейбір дәрілік препараттардың тиімділігінің төмендеуі мүмкін.

Дәрілік зат болып табылмайды.

Құрамы: *лигнин, глицин*, микрокристалды целлюлоза тасымалдағышы, тұрақтандырғыштар: поливинилпирролидон, кроскарамеллоза, *дигидромирицетин*, қадағаланбайтын агенттер: стеарин қышқылы, аморфты кремнийдің қостотығы, тальк. 4 таблетканы қабылдау* ерімейтін тағамдық талшықтардың (16 %), глициннің (17 %) тәуліктік тұтынудың адекватты деңгейін қамтамасыз етеді.

* Кеден одағы Комиссиясының 28.05.2010 № 299 (22.02.2019 ред.) «Кеден одағында санитариялық шараларды қолдану туралы» шешімі, 5-қосымша

Тағамдық құндылығы (100 г-ге): тағамдық талшықтар – 63 г.

Энергетикалық құндылық (100 г-ге / тәуліктік дозада, 4 таблетка): 520 кДж (130 ккал) / 25 кДж (5 ккал).

Шығарылу түрі: таблетканың массасы 1200 мг.

Жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Сақтау шарттары: түпнұсқалық қаптамасында (қорапшада) 25° С-ден аспайтын температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% аспайтын температурада сақтау керек.

Өткізу шарттары: дәріхана желісі және мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы таратылады.

МТК №

Берілген күні:

Техникалық шарттары: ТШ 10.89.19-047-42645886-2023

Дайындаушы: «АВВА РУС» АҚ, Ресей, Киров обл., Киров қ., Луганская көш.,
53А үй.

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым:

«AVVA Kazakhstan» ЖШС, 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 109В үй, 501 ө.ө.

Тел.: +7 (727) 355-11-27

E-mail: drug.safety@avva-rus.ru



«АВВА РУС» АҚ бас директоры

А.Г. Егоров